**Шымкент қаласы білім басқармасының "Циолковский атындағы №84 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Коммунальное государственное учреждение "Общеобразовательная средняя школа №84 имени Циолковского" управления образования города Шымкент**

**ХАТТАМА** **ПРОТОКОЛ**

2023 жылғы 08 қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 1
город Шымкент

**Қамқоршылық кеңес отырысы**

**Қатысқандар:**

1. Мектеп директоры: Ш.К.Жиенова
2. Қамқоршылық кеңесі мүшелері: Сарибаев Е.А.
   Ногаев А.А.
   Қазыбаев А.Т.
   Әлембекұлы Т.
   Онгарбаев А.А.
   Айдарханова А.С.
   Салыбекова Г.Р.
   Туякбаева Р.Ш.
   Ратаlі Н.Т.
3. Мектеп әкімшілігі: Г.Тажибаева
   Р.Ахметова
   Г.Сейдал
   А.Арынбаева
4. Хатшы Г.Абишева

**Күн тәртібінде:**

Оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру:
1. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту.
2. Жаңартылған білім беру жағдайында ОТП ұйымдастыру ерекшеліктері туралы (5 күндік жұмыс режиміне ауысу; «Күнделік» электрондық мектеп күнделіктерін енгізу; инклюзивті оқыту мен қосымша білім беру ерекшеліктері)
3.Мектепті дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында Циолковский атындағы №84 жоббм 2023 –2028 жылдарға арналған Даму бағдарламасымен және жылдық жұмыс жоспарымен танысу.
4.«Қамқорлық», «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры Жиенова Шадия Касымовна Қамқоршылық кеңесі құрамын Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырып , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 27.07.2017 жылғы №355 бұйрығы толықтырылды ҚР Оқу-ағарту

министрінің м.а. 01.03.2023 ж. №56 бұйрығымен «Орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі» туралы ақпараттық-түсіндірме жасап өтті.

**Тыңдалды:**
Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Тажибаева сөз сөйледі. Өз сөзінде Гүлсара Жарылқасынқызы « Жаңартылған білім беру жағдайында ОТП ұйымдастыру ерекшелігі бес күндік оқу жүйесімен байланысты болып отыр. Жалпы, білім беру ұйымдарында сабақтың ұзақтығы 45 минуттан аспауы тиіс. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, сабақтардың «сатылы» режимі пайдаланылады. Қыркүйекте үш сабақ 35 минуттан, қазаннан бастап 45 минуттан жоспарланады. Сабақ уақытында дене шынықтыру минуттарын және көзге арналған жаттығулар өткізіледі. Сонымен қатар, бірінші сынып оқушылары үшін бір жыл ішінде қосымша бірапталық демалыс болуы тиіс. Жалпы білім беретін мекемелерде оқу жүктемесі сыныптар бойынша көрсетілген нормадан аспауы керек. Оқу жүктемесі ұлғайған жағдайда сабақ кестесі қамқоршылық кеңесі және ата-аналар комитетімен келісілуі қажет.

«Күнделік» ААЖ — Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін ұйымдарында электрондық құжаттамасы (журналдар, күнделіктер, есептер); «Күнделік» электрондық мектеп журналын енгізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2016 жылғы 29 тамыз №536 бұйрығынанегізделген. 2022 жылдың 01 қыркүйек күнінен бастап 5 күндік жұмыс режіміне ауыстырылды,» - деді.

Г.Тажибаеваның сөзін ДӘЖЖО А.Арынбаева жалғастырды. «Инклюзивті білім беру – бұл білім беру ұйымының ғана емес, бүкіл мемлекеттің саясаты. Қазакстанда инклюзивті білім беруді құқықтық және заңды қамтамасыз ету бүгінде мына нормативтік базамен ұсынылған», - деп нормативтік құжаттарды атап өтті. 2023жылдың қыркүйек айында біздің мектепте арнайы педагогтардың диагностикасы негізінде 04.09.2023ж. күнгі №04 бұйрықпен 12 оқушы инклюзивті білім беру бойынша анықталған. Атап айтсақ,

Ілес Арсен 3а-сынып оқушысы
Муталхан Әділет 6ә-сынып
Каратай Арайлым 3г-сынып
Төлей Роза – 5Б сынып
Серікбай Ернұр – 5ә сынып
Кулмаханбет Ернұр – 8б-сынып
Қалдыбек Нұржан – 5г сынып
Кадыров Алмат – 10а-сынып
Бегім Арайлым – 2б-сынып
Садыбек Гузаль – 7ә-сынып
Біржан Ақнұр – 5б-сынып
Ашурова Омина – 2б сынып

Аталған оқушылармен пән мұғалімдері, мектептің арнайы педагогы мен педагог-психолог түзету дамыту жұмыстарын жүргізуде.

**Тыңдалды:**
Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша мектеп директоры сөз алып Мектепті дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында Циолковский атындағы №84 жоббм 2023 –2028 жылдарға арналған Даму бағдарламасымен және жылдық жұмыс жоспарымен егжей-тегжей таныстырып өтті. (қосымшада толық нұсқасы)

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі 4-ші сұрақ бойынша мектептің әлеуметтік педагогі Ж.Таттибаева сөз сөйледі. Өз сөзінде «міндетті білім беру қорынан аз қамтылған, жетім және қорғаншылықтағы, мүгедек, көп балалы отбасынан шыққан балаларға материалдық көмек бөлінді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 25.01.2008 ж. шыққан №64 мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күн көріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы қаулысына сәйкес құжаттарын қабылдап, тізімін бекітілді,» - деді.

«Жалпыға міндетті білім беру қорынан» «Мектепке жол» акциясы бойынша 285 оқушыға 11 685 000 теңге бөлінгендігін айта отырып, оның әр біріне 41000 теңгеден тиетіндігі туралы айтып өтті. Бірінші кезекте жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған және қамқоршылықтағы, АӘК алатын, көп балалы және аз қамтылған отбасы балаларына берілетіндігін атап өтті. Өтініш берген ата-аналардың отбасының орта табысы есепке алына отырып, құжаттары жеткіліксіз отбасының аз қамтылған отбасы екенін, тұрмыстық жағдайын зерттейтін комиссия тобы құрылды, әр отбасыға зерделеу акті жүргізілді.

АӘК алатын отбасыларынан шыққан - 137 оқушы

Қамқоршылық - 8 оқушы

Күн көріс деңгейі төмен отбасынан шыққан - 140 оқушы

Материалдық көмек қажет ететін оқушыларды талқылап, бекітілген тізім бойынша « Мектепке жол» акциясынан 285 балаға 41000 мыңнан қаржылай көмек көрсетілді.

**Сөйлегендер**:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Сарибаев : «Құрметті Шадия Қасымқызы , жаңа 2023-2024 оқу жылының басталуымен құттықтаймын . Өзіңіз таныстырып өткендей Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 27.07.2017 жылғы №355 бұйрығы толықтыруларындағы ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 ж. №56 бұйрығы «Орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібінде көрсетілгендей Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімінің бір жылын ынтымақтастықта атқардық , білім алушылар да мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынып жаман аттары шықпай бір оқу жылын аяқтады. Сонымен қатар 1-4 сынып оқушылары тегін тамақпен толықтай қамтылып, мектеп асханасында тамақ өнімдерінің сапасы , санитарлық-гигиеналық жағдайлары сақталып отырды. Жұмыстарыңызға сәттілік тілей отырып 2023-2024 оқу жылын табысты аяқтайық дегім келеді.»

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Асан Оңғарбаев: «Шадия Қасымқызы, бүгінгі таныстырған Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары өте жақсы жоспарланған екен , алдыңызға қойылған мақсаттарыңыз , жалпы атқарылған жұмыстар жөніндегі әңгімелеріңіз көңіл толарлық. Алдағы уақытта да бірігіп білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, қаңғыбастықтың, буллингтің, зорлық-зомбылықтың алдын алуда жәрдемдеусе уәде береміз. Бізден қандай да бір көмек қажет болса көмектесуге дайынбыз. Басты мақсатымыз білім сапасына ерекше көңіл бөліп , құқықбұзушылыққа бейім оқушылармен жұмысты қолға алу. Біз сіздердің оң істеріңізді әрқашанда қолдаймыз!».

көңілімізден шығып отыр. Мектебімізде мәдени-сауықтыру іс-шаралар, семинарлар, конференциялар өтетін болса Қаммқоршылық кеңес мүшелері қол ұшын беруге дайынбыз. Білім сапасы өсе берсін, құқық бұзушылыққа жол берілмесін , жасөспірім балаларымыз бақытты болсын!

Кеңес мүшесі Қазыбаев Ә.: «Бала қауіпсіздігін сақтауда «Қауіпсіз мектеп» жобасының жүзеге асуы , мектептен тыс жетістіктерінің пайыздық мөлшері, сәтсіз отбасыдан шыққан оқушылардың отбасына көмек көрсету , мектепішілік есептегі оқушылармен жұмыс , бала құқығының қорғалуы , ішкі тәртіп ережесін қадағалау жұмыстарын да бірге атқарамыз . Біздің қолдауға әрқашанда сенім артсаңыз болады!»

**Ұсынысым:** үйірме жұмыстарын жетілдіру. Өз сөзіңізде тілге тиек еткен құқықбұзушылыққа бейім , мектепішілік есепте тұрған оқушыларды үйірме жұмыстарына көптеп тартайық ,» - деді.

**Кеңес шешімі:**

1. Жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жаңартылған білім беру жағдайында ОТП талапқа сай орындалсын.
3.Мектепті дамытудың басым бағыттары бойынша 2023 –2028 жылдарға арналған Даму бағдарламасы және жылдық жұмыс жоспары бекітіліп іске асырылсын.
4.«Қамқорлық», «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

**Кеңес төрағасы:** Е.Сарибаев

**Хатшы** Г.Абишева